**Автор**: Есимова Райгүл Олжабаевна
**Пән**: Қазақ тілі (Т1)
**Сынып**: 6-сынып
**Бөлім**: Су – тіршілік көзі. Қазақстандағы өзен-көлдер
**Тақырып**: Су- табиғат құбылысы

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 6,1.3.5.Тіл құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу. |
| Сабақтың мақсаты: | Қарапайым сөйлеу үлгілерін қолдану арқылы судың тіршілік көзі екендігін түсіндіру. Лексикалық тақырып аясында сан есімді |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылар: Пән лексикасы және терминология:тіршілік, ауыз су, тұщы су, су жетіспеушілігі, ағза, тұрмыстағы су |
| Бағалау критерийлері: | Оқушының төменгі жетістігі (ОТЖ): қазақша судың тіршілік көзі екендігін түсінеді, достарымен сөйлеседі. Оқушының орташа жетістігі (ООЖ): тақырыпқа қатысты жаңа сөздерді Сөйлесім барысында тиімді қолдана алады, суды үнемдеу керектігін түсіндіреді. Оқушының жоғарғы жетістігі(ОЖЖ): тақырып аясында өзінің сыныптастарымен сұхбат құрады, мәтін құрайды |
| Құндылықтарды дарыту: | • Тіл мен мәдениет;<br>• Көпшілдік;<br>• Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет;<br>• Қарым-қатынас мәдениеті;<br>• Жауапты азаматтық позиция;<br>Аталған құндылықтар сабақ тақырыбы арқылы оқушылардың жеке және жұптаса отырып жұмыс жасаулары, сын тұрғысынан ойлай білу, ақпаратты өңдей білу,өзіндік көзқарасын дәлелдей алу дағдылары негізінде жүзеге асады. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | PowerPoint таныстырылымы |
| Пәнаралық байланыс: | Жаратылыстану, химия, биология |
| Бастапқы білім: | Лексикалық тараудың алғашқы сабағы |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5 мин) | Қызығушылықты ояту<br>«Суреттер сөйлейді» Оқушылар суреттер бойынша өз ойларын ортаға салады.(Таныстырылымда берілген суреттерді сөйлетеді)<br>Мұғалім оқушыларды оқу мақсатымен, сабақ мақсатымен таныстырады.<br>Негізгі бөлім.<br>Жазылымалды тапсырмасы. Блум жапырақшаларында берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.<br>Image not found or type unknown | |

| **Сабаққезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы (30 мин) | Image not found or type unknown<br>Image not found or type unknown<br><br>1. Сөздікпен жұмыс. А) Мұғалім интерактивті тақтадан тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен таныстырады, аудар- масын айтады. Оларды оқиды, оқушыларға қайталатады.<br>2. Мәтіналды жұмыс. А) Айтылым. Дұрыс айтуға, жаңа ақпаратты қабылдауға машықтандыру үшін<br>1-тапсырманы орындатады. Ә) Жазылым. Дұрыс, сауатты жазуға машықтандыру үшін<br>2-тапсырманы орындатады.<br>3. Тілдік бағдар. Сан есімді меңгертеді.<br>4. Мәтінмен жұмыс. А) Тыңдалым. Оқылым. Мәнерлеп, дұрыс оқуға, жаңа ақпаратты қабылдауға машықтандыру үшін<br>3-тапсырманы орындатады. Ә) Жазылым. Дұрыс, сауатты жазуға машықтандыру үшін 4,5-тапсырманы орындатады. Б) Айтылым. Дұрыс айтуға, жаңа ақпаратты қабылдауға машықтандыру үшін<br>5- тапсырманы орындатады. 5. Мәтінсоңы жұмыс. А) Жазылым. Дұрыс, сауатты жазуға машықтандыру үшін 7-тапсырманы орындатады.<br><br>1. Сусыз жасалатын тағамдарды білесіз бе?<br>2.Судың қандай пайдасы бар?<br>3.Күніне қанша литр су ішесіз?<br>4. Суды қалай үнемдеуге болады?<br>5.Судың адам өміріндегі маңызына тоқталыңыз. 6.Қазақстанда суды сақтау қорлары бар ма?<br>Сіздің берер бағаңыз қандай? | слайд |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>(2 мин) | 6 сөйлемді эссе жаздырады. Тақырыпқа қатысты 6 сөйлемді эссе жазады. Айтылым. Оқулықтағы<br>8-тапсырманы орындатады<br><br>Үйге тапсырма | Таратпа парақшалар |
| Рефлексия<br>(3 мин) | Рефлексия «Бағдаршам» Қызыл – түсініксіз әлі дайындығым аз Сары – толық түсінбедім Жасыл – жақсы түсіндім<br>Image not found or type unknown<br> | |